

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы материалдық көмек көрсету жөнінде

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі N 64 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 21 сәуірде N 13-7-125 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 22 мамырдағы N 02-05-1.4-2/328 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімі аппаратының 2012.05.22 N 02-05-1.4-2/328 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 2-тармағына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Заңы 20-бабына, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығын мерекелеу құрметіне аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтардың келесі санаттарына біржолғы материалдық көмек **к ө р с е т і л с і н :**

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне - 43260 теңге **м ө л ш е р і н д е ;**

қайтадан некеге тұрмаған Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне - 7000 теңге **к ө л е м і н д е ;**

қоршау кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтарға - 7000 теңге **м ө л ш е р і н д е ;**

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген жалданба құрамның тұлғалардың - 6000 теңге **м ө л ш е р і н д е ;**

Ұлы Отан соғысында қайтыс болған жауынгерлердің әйелдеріне - 5000 теңге **м ө л ш е р і н д е ;**

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери

қызметі үшін бұрынғы Советтік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған тұлғаларға - 3500 теңге м ө л ш е р і н д е ;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) адамдарға - 2 000 теңге м ө л ш е р і н д е ;

2. Біржолғы материалдық көмекті төлеу 451- 020- 015 «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілгендерге, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 3 қыркүйегі аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен босатылған, запасқа (отставка) шыққан, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. «Жамбыл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі біржолғы материалдық көмек төлеуді қамтамасыз е т с і н .

4. Бірыңғай әлеуметтік көмек тағайындау зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық филиалының мәліметімен салыстырылған тұлғалардың тізімі негізінде «Жамбыл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі.

5. «Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі аудан бюджетімен бекітілген қаражаттандыру шегінде біржолғы материалдық көмекті қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ. С а р б а с о в қ а жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Ыбыраев

Келісілген:

«Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы»

Жамбыл бөлімшесінің бастығы

О. Гайдук

2010 жылғы 12 сәуір

